"Жем-Ақберген-Құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Қазыбек би 11
БСН/ЖСН 080240018995
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ156010121000238927
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87026822286

Товарищество с ограниченнойответственностью "Жем-Ақберген-Құрылыс"
Актюбинская область, Мугалжарский район, г.Эмба, КАЗЫБЕК БИ, 11
БИН/ИИН 080240018995
БИК HSBKKZKX
ИИК KZ156010121000238927
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: 87026822286

2026 жылғы "_02___" __06_____ №15 от "_02___" ____06_____2026 года

№ 16963288-2 мемлекеттік сатып алу конкурсының ұйымдастырушысы "Ақтөбе облысының Хромтау аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне
Әлеуетті өнім беруші: "Жем-Ақберген-Құрылыс"
ЖШС БСН: 080240018995

АРЫЗ

(әлеуетті өнім беруші «Ақтөбе Адал Құрылыс» ЖШС (БСН: 041040006503) өтінімін қабылдамау (жібермеу) туралы)

Әлеуетті өнім беруші "Жем-Ақберген-Құрылыс" ЖШС, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңына (бұдан әрі – Заң) және ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес, № 16963288-2 конкурсына қатысушы «Ақтөбе Адал Құрылыс» ЖШС (БСН 041040006503) тарапынан жіберілген келесідей өрескел заң бұзушылықтарды анықтады:

1. Банкроттық немесе тарату рәсіміне қатыстылығы бойынша:

«Ақтөбе Адал Құрылыс» ЖШС өзінің Біліктілік туралы мәліметтерінде (Қағидаларға 11-қосымша) «Банкроттық рәсіміне қатыстылығы» бағанында **«Иә»** деген мәнді көрсеткен.

- **Заңдық негізі:** Заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші банкроттық немесе тарату рәсіміне жатпауы тиіс. Сондай-ақ Қағидалардың 212-тармағы 1) тармақшасының (он екінші абзацына) сәйкес, банкроттық немесе тарату рәсіміне жататын өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді. Осыған байланысты, конкурстық комиссия аталған өнім берушінің

конкурстық өтінімін толығымен қабылдамауға (кері қайтаруға) міндетті.

2. Жұмыс тәжірибесі бойынша жалған (анық емес) ақпарат ұсынуы туралы:

«Ақтөбе Адал Құрылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарында бастапқы құжаттардың шынайы мазмұнын бұрмалайтын келесідей заң бұзушылықтар анықталды:

- **Сарысай ауылының жолдары:** Кестенің 2-тармағында жұмыстың аяқталу уақыты **2024 жылдың маусымы** деп көрсетілген. Алайда, аталған жұмыстар бойынша №94 шарт **04.07.2024 жылы** (яғни маусым айынан кейін) жасалған. Сонымен қатар, соңғы №4 орындалған жұмыстар актісі **30.06.2025 жылы** жасалған. Жұмыстың аяқталу уақыты мен соңғы актінің арасында **тура 1 жыл айырмашылық** бар.
- **Бостандық көшесі, Шалқар қ.:** Кестенің 7-тармағында жұмыстың аяқталу уақыты **2020 жылдың желтоқсаны** деп көрсетілген. Бірақ өнім беруші тіркеген Пайдалануға қабылдау актісі **31.08.2022 жылы** жасалған, ал жұмыстарды орындау туралы №97 шарт **23.05.2022 жылы** ғана жасалған. Айырмашылық **20 айды (шамамен 2 жылды)** құрайды.
- **5-шағын аудан, №4 учаске:** Кестенің 8-тармағында жұмыстың аяқталуы **2022 жылдың маусымы** деп көрсетілген, бірақ барлық актілер мен анықтамалар тек **2021 жылдың тамыз, қазан және желтоқсан айларымен** шектелген. Желтоқсан 2021 жылдан кейін ешқандай жұмыс жүргізілмеген.
- **Тургенев көшесі:** Кестенің 12-тармағында жұмыстың аяқталуы **2022 жылдың қарашасы** деп жазылған, бірақ ең соңғы құжат ретінде **2022 жылдың қазан айындағы** №2 Справка ғана тіркелген. Қараша айы бойынша ешқандай растаушы құжат жоқ.
- **5-шағын аудан, №2 учаске:** Кестенің 13-тармағында жұмыстың аяқталуы **2023 жылдың қазаны** деп көрсетілген, бірақ ең соңғы растаушы құжат — **2023 жылдың қыркүйек айындағы** №1 Справка мен ЭСФ болып табылады. Қазан айындағы жұмыстарды растайтын құжаттар жоқ.
- **Заңдық негізі:** Заңның 3-бабы 1) тармақшасына сәйкес, бұл мәліметтер растаушы құжаттардың мазмұнына сәйкес келмейтіндіктен **жалған ақпарат** болып танылады.
- Қағидалардың 212-тармағы 1) тармақшасының және Заңның 11-бабы 7-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік

талаптары бойынша жалған ақпарат ұсынған жағдайда **конкурсқа жіберілмейді (конкурстық өтінімі толығымен қабылдамай кері қайтарылады)**.

Сондай-ақ, конкурстық комиссия тарапынан аталған заң бұзушылықтар ескерілмей, өнім беруші жеңімпаз деп танылатын болса, біз ҚР ӘҚБтК-нің 207-бабы 6-бөлігіне (условная скидканы дұрыс есептемегені үшін конкурстық комиссияның әрбір мүшесіне **50 АЕК айыппұл**) және 207-бабы 10-бөлігіне (жалған ақпарат бойынша шара қолданбағаны үшін басшыға **30 АЕК айыппұл**) сәйкес Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне (ІМАД) шағым түсіретінімізді ескертеміз.

Осыған байланысты, конкурстық комиссиядан:

1. Әлеуетті өнім беруші «Ақтөбе Адал Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін Қағидалардың 212-тармағы 1) тармақшасы негізінде **толығымен қабылдамауды (кері қайтаруды)**;
2. Екінші жеңімпаз атанған "Жем-Ақберген-Құрылыс" ЖШС жеіңімпаз есебінде танып конкурстың қорытынды хаттамасын қайта жариялауды.

"Жем-Ақберген-Құрылыс" ЖШС
директоры **Б. Сарин**